

**Тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 4-2/616 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 қыркүйекте № 12065 болып тіркелді.

"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 8-б) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.07.2023 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2015 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 15 тамыз

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 8 шілдедегі  
№ 4-2/616 бұйрығымен  
бекітілген

**Тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.04.2018 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 8-б) тармақшасына сәйкес әзірленді және тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші) егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.07.2023 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасын сараптама жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметті жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

3. Тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама (бұдан әрі – тұқым сапасына сараптама жүргізу) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 4-2/266 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11773 болып тіркелген) бекітілген Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларына

бекіту туралы қағидаларға сәйкес аттестатталған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, мемлекеттік сортсынау учаскелері мен станциялары, бірегей және элиталық тұқым бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымның өндірушілер үшін жүргізіледі.

4. Тұқым сапасына сараптама "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен аккредиттелген тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертханалар жүзеге асырады.

## **2-тарау. Тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу тәртібі**

5. Тұқым сапасына өңгіштігі немесе тіршілікке бейімділігі, ылғалдылығы, 1000 дәннің массасы, тазалығы, ауруға шалдығуы, зиянкестермен залалдануы (толық талдау) көрсеткіштері не көрсетілген көрсеткіштердің біреуі немесе бірнешеуі (толық емес талдау) бойынша сараптама жүргізіледі. Мақта тұқымының сапасына мынадай көрсеткіштер бойынша сараптама жүргізіледі: өңгіштігі, ылғалдылығы, жетілгендігі, механикалық зақымдануы, 1000 дәннің массасы, ластануы, қамбалық зиянкестермен залалдануы, қызып кетуі, талшық қалдығы, түктену қалдығы.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.07.2023 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің, мемлекеттік сорт сынау учаскесі мен станциясының әрқайсысы бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің түрлері бойынша тұқымның сапасына зерттеулер жүргізу санын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі – аудан әкімдігі) шешімімен құрылған комиссия айқындайды. Комиссия құрамына аудан әкімдігінің, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімдерінің қызметкерлері, облыстың (ауданның) тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы, салалық қоғамдық және ғылыми ұйымдардың, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өңірлік палаталарының өкілдері кіреді. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі – бөлім) комиссияның жұмыс органы болып табылады.

7. Тұқым сапасының нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін тексеру үшін құюға, сақтауға және егуге дайындалған партиялардан тұқым сынамалары іріктеп алынады.

Тек қана егуге арналған тұқым партияларынан сынамаларды іріктеп алуды тұқым өндірушілердің өтінімі бойынша тұқым сарапшылары және (немесе) тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі аккредиттелген зертханаларда тиісті даярлықтан өткен тұқым өндірушілер (олардың өкілдері) жүргізеді.

Өткізілуге тиіс тұқым партияларынан сынамалар іріктеп алуды тұқым өндіруші өкілінің қатысуымен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүргізеді.

Тұқым партиясымен ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптық егістерін байқаудан өткізу актісі бірге жүреді.

Сынамаларды іріктеп алу стандарттарға сәйкес жүргізіледі және 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынамаларды іріктеп алу актісімен екі данада ресімделеді. Сынамаларды іріктеп алу актісінің бір данасы сынама іріктеп алынған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіде қалады, екінші данасы сынамамен бірге тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі аккредиттелген зертханаға жолданады.

8. Тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі аккредиттелген зертхана сынамаларды зертханалық талдау нәтижелері негізінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес тұқымның кондициялылығы туралы куәлік немесе № 1 тұқымды талдау нәтижесін береді.

Тұқымның кондициялылығы туралы куәлік егістік сапасы осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген барлық көрсеткіштер бойынша тексерілген (толық талдау) және стандарт талаптарына сәйкес келетін тұқым партияларына беріледі.

Тұқымның кондициялылығы туралы куәлікті егіске дейін он бес және одан аз күн бұрын ылғалдылығы мен зиянкестермен залалданғандығын айқындамай (сатуға арналған тұқымнан басқа) талдау жүргізілетін тұқымның өнгіштігінің орнына тіршілікке бейімділігі нормасын ескере отырып, жиналған жылы егуге пайдаланылатын күздік дақылдардың тұқымына беруге жол беріледі.

Осы қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тұқымды талдау нәтижесі № 2 осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген сапа көрсеткіштерінің бірі бойынша стандарт талаптарына сәйкес келмейтін тұқымға (толық талдау кезінде), сондай-ақ сапаның барлық көрсеткіштері бойынша тексерілмеген тұқымға (толық емес талдау) беріледі.

9. Тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі аккредиттелген зертхана тұқымның кондициялылығы туралы куәлікті және (немесе) тұқымды талдау нәтижесін өнгіштігі айқындалған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде береді.

Тұқымға жүргізілген талдау қорытындылары бойынша тұқымның сапасына сараптама жүргізу жөніндегі аккредиттелген зертхана осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасын айқындау бойынша қызмет көрсету туралы актіні үш данада жасайды, бір данасы тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі аккредиттелген зертханада қалады, екінші дана ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге, үшінші дана бөлімге беріледі.

10. Сынаманың талдаудан қалған бөлігі ауданда осы дақылдың егісі аяқталғаннан кейін (ауданның статистикалық есептілігіне сәйкес) бір ай ішінде тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі аккредиттелген зертханада сақталады.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін немесе тұқым сынамасын қайталап талдауға алған кезде сынаманың қалған бөлігі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге қайтарылып беріледі.

11. Тұқымның сұрыптық және егістік сапасын айқындау бойынша қызметтер көрсету туралы актінің негізінде бөлім осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудан бойынша көрсетілген қызметтерді бағалау актісін екі данада жасайды, бір данасы жергілікті атқарушы органның облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына (бұдан әрі – басқарма) жолданады.

Басқарма бөлім ұсынған көрсетілген қызметтерді бағалау актілерін тексереді, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыс бойынша көрсетілген қызметтердің жиынтық актісін жасайды және оны бекітеді.

Басқарма облыс бойынша көрсетілген қызметтердің жиынтық актісінің негізінде тұқымның сұрыптық және егістік сапасын айқындау бойынша көрсетілген қызметтерді қаржыландыруды жүргізеді.

Басқарма тікелей және түпкілікті нәтижелердің нақты көрсеткіштерін көрсете отырып, бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне (төртінші тоқсанда тиісті жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірмей), ал қорытынды есепті келесі қаржы жылының 1 ақпанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынады.

Тұқымдардың, оның ішінде  
отандық ауыл шаруашылығы  
тауарын өндірушілерінің егуіне  
арналған тұқымдардың  
сұрыптық  
және егістік сапасына сараптама  
жүргізу қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**Сынамаларды іріктеп алу актісі № \_\_\_\_\_**

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(облыс, аудан, заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің \_\_\_\_\_ тиесілі

аты (бар болса))

ауыл шаруашылығы өсімдіктері\* тұқымының егістік сапасын айқындау үшін

Мен, \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің (күні, айы) аты

(бар болса))

\_\_\_\_\_ қатысуымен  
(ұйым, өкілдердің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(өткізуге арналған тұқым партияларынан сынамаларды іріктеп алған,  
сондай-ақ даулы жағдайларда толтырылады) \_\_\_\_\_  
(бөлімше (бригада), астық қабылдау

\_\_\_\_\_ кәсіпорны және басқалары)  
сақталған тұқымды қарауды және партиялардан  
\_\_\_\_\_ бойынша орташа сынамалар іріктеп алуды жүргіздім.  
(ұлттық стандарт нөмірі)

### 1. Тұқымдар туралы мәліметтер

№	Атауы	Реттік нөмірі		
1	2	3	4	5

- 1) Ауыл шаруашылығы өсімдігінің түрі \_\_\_\_\_
  - 2) сұрып \_\_\_\_\_
  - 3) сұрып құжатының атауы, № және күні \_\_\_\_\_
  - 4) сұрыптық тазалығы немесе типтілігі, % \_\_\_\_\_
  - 5) репродукция \_\_\_\_\_
  - 6) егін жылы \_\_\_\_\_
  - 7) партия нөмірі \_\_\_\_\_
  - 8) партия салмағы, центнер \_\_\_\_\_
  - 9) бақылау бірліктерінің нөмірлері \_\_\_\_\_
  - 10) орын (қап) саны \_\_\_\_\_
  - 11) тұқымды сақтау орны, қойма нөмірі, камба \_\_\_\_\_
  - 12) тұқым қайдан және қашан алынды \_\_\_\_\_
  - 13) тұқым қандай өңдеуге ұшырады \_\_\_\_\_
  - 14) партия нешінші рет талданып отыр, \_\_\_\_\_  
соңғы талдаудың күні мен нөмірі \_\_\_\_\_
  - 15) дәрілеу жүргізілді ме және қандай препаратпен \_\_\_\_\_
  - 16) қандай талдау үшін сынама іріктеп алынды \_\_\_\_\_
  - 17) тұқымның мақсаты \_\_\_\_\_
  - 18) ұсынылған сынамалар саны:  
қапшықта \_\_\_\_\_  
шөлмекте \_\_\_\_\_  
пакетте \_\_\_\_\_
2. Сынамалар \_\_\_\_\_

тұқымның сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертханаға жіберілді \_\_\_\_

Сынамаларды іріктеп алған адам \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Өкілдер: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Кепілдік: тұқым партияларының араласудан, ластанудан, өнгіштігі мен басқа

да егістік сапасының төмендеуінен сақталуына, сондай-ақ іріктеп алу

кезінде сынамалардың телнұсқаларының сақталуына \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның атауы,

\_\_\_\_\_ кепілдік береді

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Сақтауға жауапты тұлға \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Бақылау бірліктерін орналастыру схемасы (сынаманы іріктеп алған адам толтырады

)

Ескертпе: \* осы нысан мақтаны, қант қызылшасын және гүл дақылдарын қоспағанда, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарына қолданылады.

Тұқымдардың, оның ішінде  
отандық ауыл шаруашылығы  
тауарын өндірушілерінің егуіне  
арналған тұқымдардың сұрыптық  
және егістік сапасына сараптама  
жүргізу қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

### Тұқымның кондициялылығы туралы куәлік

№ \_\_\_\_ 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ дейін жарамды (күні, айы)

\_\_\_\_\_ (облыс, аудан заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

сақтаулы (№ \_\_\_\_ бөлімше (бригада)

20\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ акт кезінде талдауға ұсынылған (күні, айы)

\_\_\_\_\_ алынған,  
\_\_\_\_\_ жылғы егіннің \_\_\_\_\_ репродукциялы

\_\_\_\_\_ (ауыл шаруашылығы өсімдігі, сұрыбы)

салмағы \_\_\_\_\_ центнер, № \_\_\_\_\_ фракция тұқымының № \_\_\_\_\_

партиясына берілді.

Орын (қап) саны, № \_\_\_\_\_ қойма, № \_\_\_\_\_ қамба, үйіндімен

Тұқымның мақсаты \_\_\_\_\_

Тұқымның сапасы \_\_\_\_\_ сыныпқа сәйкес келеді.  
(жазбаша)

Талдау нәтижелері

1. Тазалығы \_\_\_\_\_ %, оның ішінде \_\_\_\_\_ %

2. Қалдық, барлығы \_\_\_\_\_ %, оның ішінде басым топтар \_\_\_\_\_ %

3. Басқа өсімдіктердің тұқымдары (1 килограммға  
(бұдан әрі – кг) дана немесе %) \_\_\_\_\_

4. Азықтық шөптердің басқа түрлерінің тұқымдары \_\_\_\_\_ %

5. Басқа дақылды өсімдіктердің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %) \_\_\_\_\_

6. Арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %), барлығы \_\_\_\_\_  
оның ішінде:

қарасұлы (1 кг-ға дана) \_\_\_\_\_ %

неғұрлым зиянды арамшөп тұқымдары (азықтық шөптер үшін, 1 кг-ға дана)

жатаған бидайықтың тұқымдары (1 кг-ға дана) \_\_\_\_\_ %

7. Қаракүйелік құрылымдар \_\_\_\_\_ %

8. Қарамықтар \_\_\_\_\_ % 9.

Өсу энергиясы \_\_\_\_\_ %

10. Өнгіштігі \_\_\_\_\_ %

оның ішінде қаттылары \_\_\_\_\_ %

өсіру жағдайлары \_\_\_\_\_ %

11. Тіршілікке бейімділігі \_\_\_\_\_ %

анықтау әдісі \_\_\_\_\_

12. Егуге жарамдылығы \_\_\_\_\_ %

13. Ылғалдылығы \_\_\_\_\_ %

14. 1000 дәннің салмағы \_\_\_\_\_ грамм

15. Аурулармен залалдануы (тұқымды талдау кезінде толтырылады:

центрифугалау әдісімен \_\_\_\_\_ дана немесе биологиялық әдіспен \_\_\_\_\_ %)

16. Зиянкестердің жайлануы \_\_\_\_\_

17. Тұқым сынамаларын сырттай қарап-тексеру деректері:

түсі қалыпты иісі қалыпты қарайған шіріген

18. Басым түрлердің ботаникалық құрамы:

басқа дақылды өсімдіктердің тұқымдары \_\_\_\_\_

(атауы)

сұрыптық өсімдіктердің тұқымдары \_\_\_\_\_

(атауы)

19. Басқа айқындамалар: \_\_\_\_\_



Ұсыныстар: \_\_\_\_\_

(уәкілетті адамның лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса))

Мөр орны

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

(күні, айы)

Тұқымдардың, оның ішінде  
отандық ауыл шаруашылығы  
тауарын өндірушілерінің егуіне  
арналған тұқымдардың сұрыптық  
және егістік сапасына сараптама  
жүргізу қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

### № 1 тұқымды талдау нәтижесі

№ \_\_\_\_\_

Тұқымның кондициялылығы туралы куәлікке қосымша ретінде берілді.

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

(күні, айы)

Тұқымның кондициялылығы туралы куәліктің қолданылу мерзімі

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

(күні, айы)

дейін ұзартылды.

1. Өнгіштігі \_\_\_\_\_ %

2. Өсу энергиясы \_\_\_\_\_ %

3. Зиянкестердің жайлануы \_\_\_\_\_

(алдында кенелер жайлаған тұқымдар

бойынша толтырылады)

Қорытынды мен ұсыныстар: \_\_\_\_\_

(уәкілетті адамның лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

(күні, айы)

Тұқымдардың, оның ішінде

отандық ауыл шаруашылығы  
тауарын өндірушілерінің егуіне  
арналған тұқымдардың сұрыптық  
және егістік сапасына сараптама  
жүргізу қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

## № 2 тұқымды талдау нәтижесі

№ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (облыс, аудан, заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ сақтаулы

(№ \_\_\_\_\_ бөлімше (бригада)

20 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ акт кезінде  
(күні, айы)

талдауға ұсынылған

\_\_\_\_\_ алынған, \_\_\_\_\_ жылғы егіннің  
\_\_\_\_\_ репродукциялы

(ауыл шаруашылығы өсімдігі, сұрыбы)

салмағы \_\_\_\_\_ центнер, № \_\_\_\_\_ фракция тұқымының

№ \_\_\_\_\_ партиясына берілді.

Орын (қап) саны, № \_\_\_\_\_ койма, № \_\_\_\_\_ қамба, үйіндімен

Тұқымның мақсаты \_\_\_\_\_

Талдау нәтижелері

1. Тазалығы \_\_\_\_\_ %, оның ішінде \_\_\_\_\_ %

2. Қалдық, барлығы \_\_\_\_\_ %, оның ішінде басым топтар \_\_\_\_\_ %

3. Басқа өсімдіктердің тұқымдары (1 килограммға  
(бұдан әрі-кг) дана немесе %) \_\_\_\_\_

4. Азықтық шөптердің басқа түрлерінің тұқымдары \_\_\_\_\_ %

5. Басқа дақылды өсімдіктердің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %) \_\_\_\_\_

6. Арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %),  
барлығы \_\_\_\_\_

оның ішінде:

қарасұлы (1 кг-ға дана) \_\_\_\_\_

неғұрлым зиянды арамшөптердің тұқымдары (азықтық шөптер үшін, 1 кг-ға

дана) \_\_\_\_\_

жатаған бидайықтың тұқымдары (1 кг-ға дана) \_\_\_\_\_

карантиндік арамшөптердің тұқымдары (1 кг-ға дана) \_\_\_\_\_

улы арамшөптердің тұқымдары (1 кг-ға дана) \_\_\_\_\_

7. Қаракүйелік құрылымдар \_\_\_\_\_ %

8. Қарамықтар \_\_\_\_\_ %

9. Бидай нематодасының беріштері (1 кг-ға дана) \_\_\_\_\_

10. Өсу энергиясы \_\_\_\_\_ %

11. Өңгіштігі \_\_\_\_\_ %

оның ішінде қаттылары \_\_\_\_\_ %

өсіру жағдайлары \_\_\_\_\_

12. Тіршілікке бейімділігі \_\_\_\_\_ %

анықтау әдісі \_\_\_\_\_

13. Ылғалдылығы \_\_\_\_\_ %

14. 1000 дәннің салмағы \_\_\_\_\_ грамм

15. Аурулармен залалдануы (тұқымды талдау кезінде толтырылады:  
центрифугалау әдісімен \_\_\_\_\_ дана немесе биологиялық әдіспен \_\_\_\_\_ %)

16. Зиянкестердің жайлануы \_\_\_\_\_

17. Тұқым сынамаларын сырттай қарап-тексеру деректері: \_\_\_\_\_  
түсі қалыпты иісі қалыпты қарайған шіріген

18. Басым түрлердің ботаникалық құрамы: \_\_\_\_\_  
басқа дақылды өсімдіктердің тұқымдары \_\_\_\_\_  
(атауы)

сұрыптық өсімдіктердің тұқымдары \_\_\_\_\_ (атауы)

19. Басқа айқындамалар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Қорытынды мен ұсыныстар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Толық немесе толық емес талдау жүргізген кезде:**

Тұқымдар мынадай көрсеткіштер бойынша кондицияланбаған	Талдау кезінде анықталғаны	Ұлттық стандартпен белгіленгені
1	2	3

Тұқымдар \_\_\_\_\_ және қайтадан толық талдауны тиіс жатады  
(өңдеу түрі)

Толық емес талдау жүргізген кезде:

тұқымдар \_\_\_\_\_

(талдау жүргізілген көрсеткіштердің атауы)

бойынша ұлттық стандарт талаптарына сәйкес келеді.

\_\_\_\_\_ (уәкілетті адамның лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

(күні, айы)

Тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидаларына 5-қосымша Нысан

**Тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасын айқындау бойынша қызмет көрсету туралы акт**

20\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_ ауданының ауыл

шаруашылығы бөлімінің атынан бөлім басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар

болса))

бірінші тараптан, және \_\_\_\_\_ ауданның тұқым сапасына сараптама

жүргізу жөніндегі зертханасы атынан, \_\_\_\_\_

(зертхананың уәкілетті адамының

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

екінші тараптан \_\_\_\_\_

(отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы)

тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертхананың мынадай көлемде тұқымның сапасына сараптама жүргізу бойынша қызметтер көрсеткені туралы осы актіні жасасты:

№	Дақыл	Зерттеу жүргізілген күн	Зерттеулер жүргізілді			
			Тексерілген тұқымның көлемі, тонна	Жүргізілген зерттеулер саны	Б і р зерттеу-дің бағасы, теңге	Жалпы сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7

\_\_\_\_\_ ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөр)

Қызмет көрсетілген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөр)

(уәкілетті адамның лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ (күні, айы)

Тұқымдардың, оның ішінде  
отандық ауыл шаруашылығы  
тауарын өндірушілерінің егуіне  
арналған тұқымдардың сұрыптық  
және егістік сапасына сараптама  
жүргізу қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан  
"Бекітемін"  
\_\_\_\_\_ ауданы ауыл  
шаруашылығы  
бөлімінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),  
қолы, мөр)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_ ауданы бойынша 20\_\_  
жылғы \_\_\_\_\_ (айы) үшін көрсетілген қызметтерді бағалау актісі

№	Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	Жүргізілген зерттеулер			
		Тексерілген тұқымның көлемі, тонна	Жүргізілген зерттеулер саны	Бір зерттеудің құны, теңге	Жалпы сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6

Ауданның ауыл шаруашылығы  
бөлімінің маманы

(тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса), қолы)

Тұқым сапасына сараптама жүргізу  
жөніндегі зертхананың өкілі

(тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса), қолы, мөр)

Тұқымдардың, оның ішінде  
отандық ауыл шаруашылығы  
тауарын өндірушілерінің егуіне  
арналған тұқымдардың  
сұрыптық

**20\_\_\_жылғы бойынша "Тұқымдық және отырғызу материалының сұрыптық және егістік сапасын анықтау" бюджеттік бағдарламасы бойынша көрсетілген қызметтердің жиынтық актісі**

Бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын жергілікті атқарушы органның \_\_\_\_\_ облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы атынан \_\_\_\_\_ облысы әкімінің 20\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_ өкімі негізінде әрекет ететін басшысы \_\_\_\_\_ және бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын, жарғы негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ жергілікті атқарушы органның аудандық ауыл шаруашылығы органдары бекіткен көрсетілген қызметтерді бағалау актілеріне сәйкес төмендегілер туралы осы жиынтық актіні жасасты.

Тапсырыс беруші арасында жасалған 20\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_ Шартқа сәйкес мынадай сипаттамалармен қызметтер көрсетті:

№	Ауданның атауы	Өлшем бірлігі	Жүргізілген зерттеулердің саны	Бір зерттеудің бағасы, теңге	Сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6

1. Көрсетілген қызметтердің қосымша сипаттамасы – ия/жоқ (қажеттісінің астын сызу)

2. Көрсетілген қызметтерге наразылықтар жоқ/бар (қажеттісінің астын сызу).

3. Көрсетілген қызметтердің жалпы құны \_\_\_\_\_  
(соманы жазумен көрсету)

4. Аванс сомасы – бар/жоқ

5. Бұдан бұрын актіленген сомалар \_\_\_\_\_  
(соманы жазумен көрсету)

6. Төленуге тиістісі \_\_\_\_\_  
(соманы жазумен көрсету)

Тапсырыс беруші үшін:

Облыстық ауыл шаруашылығы  
басқармасының басшысы

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөр)

Өнім беруші үшін:

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса), қолы, мөр)